

Қой шаруашылығы



Тарихы

Жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат (жүн, тері, елтірі), бағалы азық-түлік (ет, май, сүт) өнімдерін береді. Қой өсіру адамзат тарихында неолит дәуірінен басталады. Қола дәуірінде Орталық Азия тайпалары қылшық жүнді қой өсірген. Биязы және биязылау жүнді қой тұқымдары осы кезеңде Кіші Азияда шығып, дүние жүзіне тараған.

Қой өсіру қазақ халқының ата кәсібінің бірі болып табылады. Төрт түлік малдың ішінде жылқы мен қойға ерекше мән берген қазақ халқы қой жаюдың, оны көбейту мен тұқымын асылдандырудың өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырған. Мал шаруашылығына қолайлы табиғи ортаның мол болуы, соған орай қыстау, көктеу, жайлау, күзеумен байланысты көшпелі өмір салтының орнығуы қазақ халқының дәстүрлі қой шаруашылығын берік қалыптастырғандығының айғағы. Қазақстанда негізінен қылшық жүнді қазақы қой өсірілді.

Қой қолтұқымдары



Арқар, меринос қолтұқымы

- Арқар, меринос қолтұқымы таулы аймақтың табиғатына төзімді. Қазіргі кезде Алматы, Павлодар, Шығыс Қазақстан аймақтарында өсіріледі. Қазақтың биязы жүнді қойы - 1934-1946 жылдар аралығында қазақстандық белгілі ғалым В. А. Бальмонттың жетекшілігімен шығарылды. Қолтұқым Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде өсіріледі. Оңтүстік қазақ меринос қойы - Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстанда өсірілетін жүнді-етті бағыттағы қолтұқым. Солтүстік қазақ меринос қойы Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстанда өсіруге бейімделген.



ҚАРАКӨЛ

- Қаракөл қойы - әдемі және қымбат бағалы елтірісі арқылы дүние жүзіне белгілі қой тұқымы. Ол бұдан 3-3,5 мың жыл бұрын Орта Азия жерінде халықтық сұрыптау тәсілімен шығарылған. Оның 2-3 күндік сойылған қозыларының елтірісі өте сапалы болады. Қаракөл қойы құрғақ далалы, шөл-шөлейтті аймақта өсіруге бейімделген. Қатаң ауа райына шыдамды, тұлғасы берік, терісі жұқа, бірақ тығыз. 1990 жылдары Қазақстанда қаракөл қойының саны 6 млн болса, 2000 жылғы саны 2 миллион шамасында. Қаракөл қойы Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында өсіріледі.



“Қойдың сүті – қорғасын”



ҚОЙ ЕТІНІҢ ПАЙДАСЫ.

- Қой етінде пайдалы көмірсу қосындылары, темір, фосфор, ақуыз мол. Етті семіздіктен арылу үшін, әлсіздікке қарсы, босанған әйелдердің денсаулығын жақсарту мақсатында пайдаланады.
- Сойылған жас малдың етін және сорпасын науқас адамға, іш ауруына байланысты үздіксіз берсе, денсаулығы жақсарып, іштегі жел кайтады.
- Қой етін күйдіріп, көмірін сірке суына салып, жылан, шаян шаққан жерге таңса, уытты, қайтарады, сыздап ауырғанды басады.
- Етін сылынып алынған сүйектерді бөлшектеп, ұзақ қайнатып, сорпасын мешел балаларға күніне 2-3 рет ішкізсе, нәтижесі тәуір.
- Қойдың етіне қайнатылған су қосып сұйылтып, күніне 2 рет көзге тамызса, жанардағы аққа ем.
- Денедегі теміреткінің бетін спиртпен тазалап, өтті бірнеше күн жағады.

Халық емі.Қой терісіне түсіру

Көшпенді қазақ өмірі табиғаттың әр алуан құбылыстарын басынан өткізген. Жатын орынның ылғал болуынан, қысқы суықтың ызғарынан және осы табиғи ортаның қысымынан қорғану жабдықтарының аз болуынан жасы егде тартқан адамдар жел-құз, құяң сынды ауруларға душар болып жатады. Қазақ емшілері осы науқастарды ауруынан айықтыру үшін түрлі ем жасаған. Солардың бірі – қойдың терісіне түсіру. Ем жасау барысында семірген еркек қойды немесе ту қойды таңдап алып, терісін бітеу сояды. Сосын, күзде піскен ерменді бүрімен қоса қайнатып, оның нілін терінің ішіне құятын болған. Кезегімен науқас адамды шешіндіріп, мойнынан бастап, аяғына дейін қой терісімен орап, жылы жауып, 2-3 сағат жатқызады. Уақыты болған соң адамды тазалап жуындырады. Қой терісіне түскен адам өзін жылы ұстап, сорпаланып, бірнеше күн күтінуі керек болған. Бұл қара емнің адам денесіндегі, буындардағы желді, сарсуды алуда, буындардың қақсауы мен сырқырап ауруын емдеп жазудағы өнімі айрықша болған.



Жоба сипаттамасы:



Жоба анкетасы:

Инвестициялық жоба мақсаты: фермерлік шаруашылық.

Өнім: қойдың "Еділбай" нәсілі

Өнімділігі: жылына 150 бас

Жоба құны: 6 млн. теңге

Өтелу мерзімі: 1 жыл

Жоба тұжырымдамасы

Бизнесті ұйымдастыруға ұсынылған инвестициялық жобаны жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады. Ет шаруашылығы Қазақстанның аграрлық шаруашылығының негізгі секторының бірі болып табылады.

Тамақтандырудың түрі тәулігіне тамақ құрамы, кг

Атауы:	Саны:	Бағасы,тг	Со ма сы ,тг
Пішен	2	1,33	2, 66
Сабан	0,5	8	4
Сүрлем	7	1	70
Түбірлі жем	4	12	48
Топта жемшөптер	0,3	100	33
Тұз	0,07	70	4, 9
Барлығы:			

Шығындар жемшөптерге (4 ай.):

Пішен 36 тонн – 1 333 тенге = 47 990 тг

Сабан 9 тонн – 8000 тенге = 72 000 тг

Сүрлем 126 тонн – 10 000 тенге = 1 260 000 тг

Түбірлі жем 30 тонн * 12 066 тенге = 362 000 тг

Топта жемшөптер 10 тонн * 110 000 тенге = 1 100 000 тг

Тұз 1,2 тонн * 70 000 тенге = 84 000 тг

БАРЛЫҒЫ: 2 923 988 тенге

Бап атауы:	Барлығы жыл, тг
Қойды сатудан кіріс:	7 500 000
Мем-тік жәрдемақы:	1 125 000
Тікелей шығын-р	6 076 080
Жалпы табыс:	2 548 920
Барлық опе-қ шығын-р:	1 262 096
Еңбек ақы 2шабан	960 000
Еңбекақы қорынан аударымдар:	132 096
Ком-дық шығын-р 12000 айына Электроэнергия,су,қоқысты шығаруға	120 000
Өзге шығын-р:	50 000
Операциялық табыс:	1 286 824
Корпоративтік табыс салығы:	225 000
Таза табыс:	1 061 824

Қойды сатудан кіріс:

Бір данасының бағасы салмағы 80 кг орташа 50 000 тенге құрайды. Мынадай шартта жалпы табыс 100% сатылым: 150 бас * 50 000 тенге = 7,5 млн. тенге жылына.

Мемлекеттік жәрдемақы: жәрдемақылар қойды сатып алуына: 150 бас бірлігіне 7 500 тенге = 1 125 000 тенге. Сонымен қатар барлық препараттар вакцинацияға ветеринарлық қызметпен ақы-пұлсыз беріледі.

Еңбекақы:

Қызмет/Маман	Айлық жалақы/тг	Саны:	Жылдық жалақы,тг
Шабан:	40 000	2	960 000
Барлығы:			960 000

Қой түрлері:

КРОССБРЕД



ЕДІЛБАЙ

- Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында өсіріледі.



ДЕГЕРЕС



ЦЫГАЙ



Назарларыңызға көптеген рахмет!!!

